

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің І-Вице-президенті,  
профессор Женгиз Томар  
«05» маусым 2019 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің президенті,  
профессор Б. Абдрасилов  
«05» маусым 2019 ж.



## САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ УЕ-ХҚТУ-100-2019

### АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖАЗБАША ЖҰМЫСТАРДЫ ПЛАГИАТҚА ТЕКСЕРУ ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов  
Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары Булент Шен  
– Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығының басшысы М. Жолшибекова  
– Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы А. Балтабаева
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ө.Үмбетов  
– Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш. Есимова  
– Ғылыми зерттеу істері жөніндегі вице-президент К. Беркимбаев  
– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев  
– Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.Абсеметов
4. Енгізілді – 2019 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2021 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2019

К.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы	ТЕКСЕРІЛДІ: "18" 02 2022 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "18" 02 2024 ж.	К.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
			Сапа менеджментінің жүйесі ЖҰМЫС ДАНАСЫ
			№ 04 "09 2019 ж.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-100-2019</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<i>Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі</i>		14 беттің 2-ші беті

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) барлық жазбаша жұмыстардың плагиатқа тексеруіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Университеттің осы ережесі, университетте білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамының (әрі қарай - ОПК), ғылыми қызметкерлердің жазбаша жұмыстарын плагиатқа тексеру тәртібін көрсететін негізгі құжат, сол себептен университеттің барлық құрылымдық бірліктерде міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.3 УЕ ХҚТУ-100-2019 ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы, 2-тарау. Жоғарғы және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі, 31-тармағы.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

**Кафедраның жетекші әдіскері** - кафедра шегінде оқытушылардың қызметін үйлестіретін Антиплагиат. ЖОО жүйесінің пайдаланушысының түрі.

**Сәйкестігі** - түпнұсқаға өзгеріс енгізбей, басқа авторлық мәтінді өзіне кірістіру.

**Құжаттың түпнұсқалығын түпкілікті бағалау** - түпнұсқа мәтін көлемінің сәйкестігінің қатынасы.

**Дұрыс дәйексөз** - автордың көрсететін мәтінінен үзінділерді келтіріп, дәйексөз мақсатында негізделген көлемдегі жұмыстың атауын келтіру.

**Дұрыс емес дәйексөз** - мәтіннен үзінділер авторға және жұмыстың аталмасына немесе дәйексөзге негізделмеген көлемде көрсетілмесе.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-100-2019</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<i>Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі</i>		14 беттің 3–ші беті

**Жұмыстың тәуелсіз орындалмауы** - тәуелсіз зерттеу жүргізбей, сілтеме жасау мақсатымен ақталмаған көлемде дәйексөз келтіру.

**Мәтіннің түпнұсқалығы** - бірегей элементтер санының (сөздердің, фразалардың) барлық элементтерге қатынасы.

**Плагиат** - басқа адамдардың идеялары мен өнертабыстарының авторлықты атауын және басқа біреудің туындысының өз атымен жариялануы.

Плагиат - екі нысанда жүргізілуі мүмкін:

- Негізгі мәтіннің сөзбе сөз жазылуы;
- Сәйкес келген мәтіннің мазмұнын өзгертпей, сөздерді және өрнектерді ауыстыру арқылы біреудің мәтінін таныстыру.

**«Антиплагиат» бағдарламасы** - жарияланған дереккөздерден құжаттардың сәйкестігін тексеруге арналған ақпараттық жүйе.

**БЖ** – бітіру жұмысы

**ОПҚ** – оқытушы-профессор құрамы.

#### **4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Осы «Жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру жүргізу тәртібі туралы ереже» (бұдан әрі - Ереже) білім алушылардың жазбаша қорытынды жұмыстарын (дипломдар/дизайн, магистрлік диссертацияларды) жобаларды тексеру тәртібін анықтайды, сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамының (әрі қарай - ОПҚ) басылымдарын (монография, журналға берілетін ғылыми мақалалар), университеттің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері жүргізген ғылыми-зерттеулер туралы есептерінің сәйкессіздігін анықтайды.

4.2 Ереже ұйымның сапасын көтеруге және оқу, ғылыми жұмыстарында тиімділікті жүзеге асыруды қамтамасыз етуге, білім алушыларды шығармашылыққа баулуға, сондай-ақ қызметкерлерге жаңа білім алуға және қолдануға, азаматтардың зияткерлік меншік құқықтарын құрметтеуге бағытталған білім беру және ғылыми іс-шараларды ұйымдастырудың сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында енгізілген.

4.3 Осы Ереже кафедрада, ғылыми және басқа құрылымдық бөлімдерде, университеттің ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге міндетті болып табылады.

#### **5. ЖАЗБАША ЖҰМЫСТАРДЫ ПЛАГИАТҚА ТЕКСЕРУДІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

5.1. Төменде көрсетілген ғылыми жұмыс түрлері плагиатқа тексерілуге міндетті:

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-100-2019</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі</i>		14 беттің 4-ші беті

- бакалаврлардың (диплом жұмысы/жобалары), магистранттардың (магистрлік диссертациялары);
- оқу-әдістемелік басылымдар;
- университет ОПК монографиялары;
- ОПК-ның, докторанттар мен магистранттардың ғылыми мақалалары;
- университетаралық, республикалық және халықаралық студенттік ғылыми жұмыстар конкурстарына ұсынылатын мақалалар, студенттердің ғылыми жұмыстары;

- конференция материалдары.

5.2. Барлық жұмыстар [www.Antiplagiat.ru](http://www.Antiplagiat.ru) (бұдан әрі - Антиплагиат) бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

5.3. Бір жұмысты екі рет өткізуге ғана рұқсат етіледі.

5.4. Басқа ғылыми басылымдарда жарияланатын жұмыстар Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президенттің атына жазылған автордың жеке өтініші немесе қызмет хат негізінде тексеріледі.

5.5. "Антиплагиат" бағдарламасына жазбаша жұмыстарды тексеру тәртібі (*Қосымша 1*):

- Білім алушылардың дипломдық жұмыстарын (жобаларын) плагиатқа тексеруді әр факультеттен (мектептен) жауапты болып бекітілген тұлғаның қатысуымен Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент Өкімімен құрылған университет Комиссиясы және факультет (мектеп) деканының Өкімімен құрылған Комиссия ұйымдастырады.

- Факультеттен жауапты тұлға дипломдық жұмыстарды doc.x форматында электронды түрде жинақтап, антиплагиат бағдарламасын пайдалана отырып тексеру жүргізеді. Тексеру нәтижесі бойынша анықтама беріледі. Жұмыстың тексерілгені жөніндегі анықтамалар негізінде факультет (мектеп) Комиссиясы әр білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша Акт жасайды (*Қосымша 2*).

- Ғылыми-зерттеу істер жөніндегі вице-президент Өкімімен бекітілген университет Комиссиясының қатысуымен магистранттардың диссертациялық жұмыстарының (жобаларының) плагиатқа тексерілгені туралы хаттама жазылып, оның шешімі негізінде әрбір білімгер жұмысының тексеру нәтижесі көрсетіледі. Соған сәйкес комиссия мүшелерінің қолы қойылған Акт түзіледі (*Қосымша 3*).

- Университеттің ғылыми басылымдарында жарияланатын мақалалар ғылыми басылымдар офисінің электронды поштасына келіп түседі. Түпнұсқалығы 75%-дан жоғары мақалалар ғана ары қарай өндіріске жіберіледі.

- ОПК монографиясы факультет кеңесінде қаралып, оның шешімі негізінде Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президенттің атына жазылған өтініш немесе қызмет хат бойынша антиплагиат бағдарламасынан

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-100-2019</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі</i>		<i>14 беттің 5–ші беті</i>

тексеріледі. Авторға тексеру қорытындысы көрсетілген анықтама беріледі. Бұл құжат университет ғылыми комитетіне ұсынылады (*Қосымша 4*).

5.6. Жұмыстарды антиплагиат бағдарламасымен тексеруге ұсыну үшін мынадай мерзімдер белгіленеді:

- бітіру (диплом) жұмыстары - қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 20 жұмыс күнінен кешіктірмей;

- диссертациялар – кафедрада алдын ала сараптама жүргізу күніне дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей.

- оқу-әдістемелік басылымдар – 10 күннен кешіктірмей;

- ғылыми жұмыстар (мақалалар, монографиялар) – жарияланымдарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей;

- конференция материалдары – жарияланымды қабылдау мерзімі аяқталған дейін – 20 күннен кешіктірмей.

5.7. Жұмыстарды антиплагиат бағдарламасымен тексеру үшін келесідей мерзімдер белгіленеді:

- бітіру жұмыстары – жұмыс тексеруге тапсырылған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс;

- білім алушының ғылыми жұмысы – жұмыс тапсырылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен аспауы тиіс;

- ғылыми жұмыстар – жұмыс тексеруге тапсырылған күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспауы тиіс;

- оқу-әдістемелік басылымдар – жұмыс университеттің оқу-әдістемелік бөліміне тапсырылған сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей тексерілуі тиіс;

- монографияны және ғылыми мақаланы плагиатқа тексерудің жалпы мерзімі 3 күннен аспайды;

- конференция материалдары 5 күннен аспайды.

5.8. Төменде көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жұмыс оң нәтижемен тексеруден өткен жұмыс болып есептеледі:

- бакалаврлардың бітіру жұмыстары- түпнұсқа мәтіні кемінде 60% құруы тиіс;

- магистранттардың бітіру жұмыстары (магистрлік диссертация) – кемінде түпнұсқа мәтін 75% (магистрлік жоба) – кемінде түпнұсқа мәтін 60% құраулары тиіс;

- студенттердің университеттік, университетаралық конкурстарға ұсынылатын ғылыми жұмыстары - түпнұсқа мәтіні кемінде 55%-дан кем емес;

- студенттердің ғылыми жұмыстарының республикалық, халықаралық байқауларына ұсынылатын ғылыми жұмыстардың - түпнұсқа мәтіні 60% кем емес;

- ғылыми басылымдарда жариялау үшін ұсынылатын ғылыми мақалалар - түпнұсқа мәтіні 75% кем емес;

- конференция материалдарында жариялау үшін ұсынылатын ғылыми жұмыстар конференция ұйымдастырушыларымен анықталған шарттарға

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-100-2019</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі</i>		<i>14 беттің 6–ші беті</i>

сәйкес, бірақ түпнұсқа мәтіннің 60% кем емес;

- кафедраға алдын ала сараптама жасау үшін ұсынылатын диссертациялар (авторрефераттар) – түпнұсқа мәтіні 80% кем емес;

- оқу және оқу-әдістемелік басылымдар – түпнұсқа мәтіні 60% кем емес.

- монография – түпнұсқа мәтіні 70% кем емес.

5.9. Оқу және ғылыми жұмыстардағы плагиаттың Ережесімен белгіленген көшіріп алу пайызынан (үлесінен) асатын жағдайда жұмысты қорғауға (жариялауға) теріс шешім қабылданады.

5.10. Антиплагиат жүйесінің тексеруінен өтпеген жұмыстардың авторлары жоспарға сәйкес белгіленген мерзімде оларды түзетуге және қайта тексеруге құқылы. Түзету кезінде автор жұмыста Антиплагиат бағдарламасын тексеру алгоритмдерін айналып өтуге бағытталған өзгерістер жүргізбеуі тиіс. Тексеру алгоритмін айналып өту мақсатында өзгертілген жұмысқа қайта тексеруге жол берілмейді.

5.11. Антиплагиат бағдарламасын пайдалана отырып, қайта тексеру кезінде теріс қорытынды алған жағдайда қорғауға (конкурса қатысуға, жариялауға) жол берілмейді және оң нәтижеге қол жеткізген білімгерлердің тіркелуін комиссия қамтамасыз етеді.

5.12. Автор жұмысты тексеру бойынша теріс қорытындымен келіспеген жағдайда, оның жазбаша өтініші негізінде плагиаттың бар-жоғын сараптамалық тексеруді факультет (мектеп) Комиссиясы жүзеге асырады.

5.13. Антиплагиат бағдарламасын пайдалана отырып, жұмыстың тексерілгені жөніндегі анықтамасы немесе комиссия Актісінің қорытындысы білімгерлердің жұмыстарының қосымшасына тіркеледі.

5.14. Тексеруден өткізілген монографияның плагиаттық нәтижесі университеттің Ғылыми комитетіне өткізіледі, ал ғылыми мақалалардың нәтижесі Ғылыми басылымдар офисінің электрондық журналының мұрағатында болады.

5.15. Дипломдық жұмыстарды (жобаларды), диссертацияларды қорғауға жіберу туралы түпкілікті шешім факультет (мектеп) Комиссиясында талқылану қорытындысы негізінде кафедра отырысында қабылданады.

5.16. Университеттің осы бағыттағы жұмысының құжаттарын жинақтау үшін барлық мәліметтер сәйкесінше Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке, Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығына тапсырылады.

5.17. Антиплагиат жүйесінде тексерілген дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына жіберіледі.

## **6. ӨКІЛЕТТІКТЕР МЕН ЖАУАПҚЕРШІЛІК**

6.1. Университет Өкімімен құрылымдық бөлімшелердің әдіскерлері және факультет өкімімен жауаптылар тағайындалады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-100-2019</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі</i>		14 беттің 7-ші беті

Жауаптылар жұмыстарды қабылдау мен тексеруді, жұмыстарды тексеру актілерін қалыптастыруды, оларды авторларға беруді және материалдарды ХҚТУ коллекцияларына орналастыру үшін жұмыстарды электронды түрде Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығына беруді жүзеге асырады.

6.2. Плагиатқа материалдарды тексеру жөніндегі жұмысты орындайтын әрбір құрылымдық бөлімше үшін әрбір оқу жылына Антиплагиат бағдарламасының жеткізушісімен жасалған шартта айқындалған тексерулер саны шеңберінде квоталар белгіленеді. Квоталардың сақталуына жауапкершілік деканаттардың жауапты қызметкерлеріне жүктеледі.

6.4. Антиплагиат бағдарламасын тек ХҚТУ білім алушылары мен қызметкерлерінің жұмыстарын тексеру үшін пайдалануға рұқсат етіледі.

6.5. Жазбаша жұмыстар мен бітіру жұмыстарының Антиплагиат бағдарламасына уақытылы тексеруге Академиялық мәселелер жөніндегі департамент жауап береді.

6.6. Бітіру жұмысына кафедра меңгерушілері жауапты:

- БЖ қағаз және электрондық нұсқаларын және кафедра қызметкерлерінен келіп түскен жазбаша жұмыстарды жауаптылардың толық сәйкестігін тексеруін тиісті түрде жүзеге асыруға;

- бітірушіден қағаз және электрондық нұсқада алынған және тексеруден өтіп Академиялық мәселелер жөніндегі департамент пен Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығына өткізілген бітіру жұмысының жазбаша нұсқасы мен электрондық нұсқасы сәйкес келуіне;

6.7. Антиплагиат бағдарламасынан ерекше жоғары баға алуға әрекет жасаған білім алушының (әріптерді ауыстыру, көрінбейтін символдар мен т. б. пайдалану арқылы) мұндай бұзушылықтары анықталған жағдайда, жұмысы қорғауға жіберілмейді.

6.8. БЖ жетекшісі білімгерлердің кафедраға белгіленген мерзімде ұсынуына, БЖ баспа және электрондық нұсқасының сәйкестігіне, БЖ плагиатқа қайта тексеру және өңдеу туралы шешім қабылдауға жауапты.

6.9 Техникалық қолдау ақпараттық ресурстар орталығына жүктеледі.

## **7. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

7.1. Осы ереже Академиялық комитет мәжілісінің отырысында талқыланып, Сенат мәжілісінде хаттамамен рәсімделіп, бекітіледі.

7.2 Осы университет Ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-100-2019</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі</i>		<i>14 беттің 8-ші беті</i>

нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

7.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын СРСО-на сақтауға беріледі.


## КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент



Ө.Умбетов

Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент




К.Беркимбаев

Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент



Ш.Есимова

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж.Дарибаев

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы




А.Абсеметов



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-100-2019</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<i>Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі</i>		14 беттің 9-ші беті

*Қосымша -1*

**Бітіруші білім алушылардың магистрлік диссертациялары мен дипломдық жұмыстарын «Антиплагиат» бағдарламасынан тексеру алгоритмі**



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-100-2019</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі</i>		<i>14 беттің 10-ші беті</i>

*Қосымша-2*

**«БЕКІТЕМІН»**

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі  
вице-президент \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

### **АКТ**

\_\_\_\_\_ Оқу жылында Университет Сенатында бекітілген УЕ-ХҚТУ-100-2019 Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру Ережесіне сәйкес \_\_\_\_\_ факультетінің бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыстарын «Антиплагиат» жүйесінің технологиясы негізінде тексеру нәтижесі:

\_\_\_\_\_ Мамандығы

<b>№</b>	<b>Білім алушының аты-жөні</b>	<b>Бірегейлік</b>	<b>Диплом жұмысының тақырыбы</b>	<b>Ғылыми жетекшінің аты-жөні</b>

**Комиссия құрамы:**

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-100-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесі		14 беттің 12-ші беті

Қосымша-4

Университетте монографиялар мен мақалаларды «Антиплагиат» бағдарламасынан тексеру алгоритмі

